

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениеcіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

Максүтова А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

жорықты даттауы, онда да Әбілқайырдың көзінше көсілуін не деп ұғуға болады? Қылышынан қан тамған Шыңғыс заманының өткеніне небәрі 2-3-ақ ғасыр өтпеп пе еді? Ал екі-үш ғасыр тарих үшін бәлкендей көп уақыт емес қой, тәйірі!

Ханның қобалжуы, лайықты шешім таба алмай дағдаруы ұлы оқиғалар, әбден пісіп-жетілген тарихи құбылыстардың қарсаңынан ғана хабардар етіп тұрған жоқ, сонымен бірге жазушының Уақыт атты ұлы проблемаға өзінше, өзгеше тұрғыдан келуін де көрсетеді.

Романның бар эстетикалық жүгін көтеріп тұрған – осы екі-үш ғасыр. «Екі-үш ғасыр» – Әбілқайыр бойына дәрменсіздік ұялатып, шешімсіздік дарытқан уақыт. «Екі-үш ғасыр» – заманалар алмасып, дәуір келбетін өзгертетін ұлы оқиғаны, тарихи қажеттіліктен туған құбылыстарды сездіретін уақыт. «Екі-үш ғасыр» – адамның мынау пәниге келе салысымен, қамшының сабындай келте ғұмырды кешер-кешпестен бақиға аттанатыны сияқты еш нәрсенің де бір орнында тұрмайтынын, бәрі де ұлы жаратылыс заңдылығына бағынатынын дәлелдейтін ұлы ұғым. «Екі-үш ғасыр» – өмірдің ұлы шындығы.

Міне, осынау негізгі идея, эстетикалық қуатты өзінше беруге талпыну – романшы Есенберлиннің стиліне тән сипаттар. Әр қаламгердің көркемдік ізденістері, стильдік ерекшеліктері өз алдына бір сиқырлы, жұмбақ әлем десек, оның яғни Есенберлиннің стилі Шыңғыс хан, Бату жорықтарын баяндайтын В.Янның романдарынан осы жоғарыдағы сипаттарымен дараланып тұр десек, қателеспеспіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Добролюбов Н. Полн.собр.соч. М.: ГИХЛ, 1934. Т.І.
2. Ленобль Г. История и литература. М., 1960
3. Айтматов Ч. Отчет себе // Правда. 1967. 5 авг.
4. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. А., 1977; Бердібаев Р.Қазақ тарихи романы.А., 1979; Нұрғалиев Р.Телағыс. А., 1986; Тоқбергенов Т. Ай мүйіз. А., 1990.

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ИДЕАЛ

А.Умбетова,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ф.ғ.к.,
Г.Шауенова,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
философия докторы (PhD),
Хамитова Э.А.,
Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті,

Қоғамымызда түбегейлі өзгерістер өріс ала бастады. Соның ең басты көріністерінің бірі – қазіргі қазақ әдебиеті мен әдебиет тарихына көзқарас. Бұл ретте, біз, бір жағынан халқымыздың көркем тарихын түгендеп жатсақ, екінші жағынан, қаламгерлер арасынан шын мәніндегі суреткерді, нағыз тума талантты анық танып, оның шығармашылық ерекшелігін қалың жұртқа танытып, туған әдебиетіміздегі орны мен ролін белгілеуді ғылыми-зерттеу мақсатына, мұратына айналдыратын болдық.

Қазақ әдебиетінің дамуында белгілі ақын Тұманбай Молдағалиевтің өзіндік қосқан үлесі ересен мол. Оның шығармашылығын өзіне дейінгі, өзімен тұстас, өзінен кейінгі әдеби процестен бөліп қарауға болмайды. Керісінше, тығыз бірлікте, өзара байланыс сабақтастықта қарастырған абзал.

Біздіңше, оның өлеңдері бүгінгі уақыт талаптары тұрғысынан қарастырылуы, бағалануы қажет

Оның поэзиялық туындылары қоғам, адам, өмір заңдылықтарын кең көлемде сөз етуімен, кезең-уақыт талаптарын өлеңдері арқылы көркем, кемел жеткізуімен ерекшеленеді.

Тұманбай Молдағалиев - ұлтын ерекше сүйген қайраткер. Тұманбай Молдағалиевтің қаламынан туған өлеңдер жеке кітап түрінде жарық көрді. Тұманбай Молдағалиев балаларға арнап та көптеген өлеңдер жазған. Ақын туындыларының бір саласы – ән-өлеңдері.

Ақынның қаламынан туған «Студент дәптері», «Кәмила», «Құралай», «Алатау қызы», «Зулайды күндер», «Жаңа дәптер», «Шақырады жаз мені», «Қош, көктем», «Жүрек ояу қашанда», «Хаттар, хаттар», «Махаббат оты сөнбейді», «Мен де жиырма жаста едім», «Құстар қайтып келеді», «Таудан түскен сәуле», «Жиырма бесінші көктем», «Жүректегі жазулар», «Тынық мұхит дәптері», «Сарыала күз келгенде», «Туған елім — тірегім», «Сағындырған көктемдер», «Шыңдағы гүлдер», «Қар жауып тұр», «Ұмытпа мені» сияқты жыр жинақтары – ондаған ғасырлық тарихы бар қазақ жырына олжа салған, оқырман қауымның жүрегіне жол тапқан, әдебиетіміздің алтын қазынасына айналған өлмес шығармалар.

Поэзия – тұла бойына сиқырлы сыр тұнған сұлу да сырбаз өнер. Кемеңгер ақын тілімен айтқанда: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», ал сыншыл реализм теоретигі В.Г.Белинскийше айтсақ, «поэзия – өмірдің әрі мен нәрі, қайнап тұрған жамбысы. Поэзия бақшада құлпырған роза гүлін сипаттамайды, оның дөрекі заттық жақтарын алып тастап, хош иісін, әсем құбылғыш бояуын алады да, осылардан жаратылыстағыдан да әсем розасын жасайды» .

Осындай сұлулықты ғана дүниеге әкелетін поэзия – адам өмірімен тығыз байланыстағы қоғамдық сананың аса көркем дүниесі, онда сан алуан ырғаққа толы заман күйі, заман үні жатады.

Әдебиет дамуының барлық кезеңіне көз салсақ, поэзияның даму тарихы тереңде екенін білеміз. Фольклордың өзінде де қарт поэзия жатыр. Қай кезде болмасын, өлең өнері аз сөзбен көп дүниені айтарлықтай кілт табады. Жалаң баяндаудан гөрі көркем бейнемен, суреттеумен ортасын көп жайларға қанық ете алатын қасиет поэзия табиғатына ғана сай.

Сөз патшасы – өлеңнің кілтін тауып, ұқсата білу хас дарынның ғана маңдайына бітер бақ. Өйткені «ақындарымыз лирикалық поэзияның бір қырымен уақыт пен өмір жайындағы ой толғаныстарын, өзі арқылы өзгенің де ішкі жан дүниесін ашып, көңіл күйлерінің пернесін басса, екінші бір қырымен дәуіріміздің ұлылы-кішілі оқиғаларына үн қосады, замандастарымыздың еңбегін жырлайды, туған жер туралы толғанады, халықтар достығының терең тамырлы, мол мәуелі бақшасын аралайды.

Барлық жақсы ақындар сияқты, Тұманбай өмірі де – оның өлеңдерінде. Оның туған ауылы, өскен ортасы, көрген өмірі, Отан, ел, адам сүю сезімдерінің қалыптасуы жайлы мәліметтерді ақын шығармалары бізге толығырақ береді. Оның лирикалық қаһарманы балалығын соғыстың ауыр кезінде өткізген, содан жанына ұмытылмас жара түскен (әке өлімі, жоқшылық, жетімдік сезімдер) жас адамның көңіл күйін бейнелейді. Өмір сүргіш ақ көңіл жастың бойындағы жұмсақ мұң да, ойлы сезімталдық та содан туады. Жаны жайсаң адамдар алақанында, мейірімді ана бауырында, Алатаудың сұлу табиғаты құшағында өскен жастың әсемдікке, сұлулыққа табыну сезімдері де қалай туғанынаңғару қиын емес. Осының бәрі кейін ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбына айналады. Ол адамды, оның қилы-қилы тағдырын, жастықты, туған жерін талмай жырлады.

Туған Отаны, елі, жерінің тағдыры – Тұманбай жырларының өзекті тақырыбы. Ол өзіне біткен бүкіл дарынымен, шығармашылық өмірімен адамдық болмысымен туған еліне, жеріне қарыздар сезінеді.

Қайда жүрсем, ойлап сені жүремін,
Сүйікті елім, момын елім, ұлы елім.
Саған ғана арқымды мен сүйедім,
Саған ғана аяғымды тіредім,- [1]. дейді ақын.

Тұманбай үшін Отан абстракты ұғым емес, ол – оның елі, адамдары, табиғаты. Осылар арқылы ақын Отанымен туысады. Оның жырларында отаншылдық сезімінің биіктігі, елдің ерлік рухы айқын танылып отырады. Сол арқылы ол өмірге, еліне аяғын нық тіреп, еркін өмір сүреді.

Жаз бойы таң атқанша жұлдыз санап,
Ақ бұлтпен жел айдаған бірге көштім. [1].

Жетісудың бұлақтары шешен-ақ.
Тау арманын ен далаға көшеді ап.
Қыз біткенді қызықтырсам деп едім,
Жетісудың қайыңы боп өсе ғап. [1].

Көкшіл аспан, анау көшкен ақ бұлттар
Менің ғана үлесіме тигендей.
Дүниедегі асыл арман, шаттық бар,
Мені ғана құшағына ап сүйгендей. [1].

Көзімді жұмып, төсегіме жатып ап,
Ойлансам бір туған ауыл, атырап.
Алдыма кеп тұра-тұра қалады
Бәрі соның жүрегіме жақын-ақ. [1].

Міне, ақын тағдыры осы. Ол елімен ғана емес, жерімен, туған даланың табиғатымен туысып кеткен. Кейде қайың бой түзеп, жел болып еркін еседі. Отаншылдық деген де осы. Туған елі мен Отанының патриоты болу сезімі оған ана сүтімен, даласымен дарыған. Келген көктем де көркімен оны туған өлкесімен жақындатып кетеді. Сондықтан да ақын рухы табиғаттай биік. Оның Алатауды, Көкшені, Абай елі мен жерін сүюінде де ақындық рухтың асқақтығы көрінеді.

Тұманбай Молдағалиев туған жер, махаббат тақырыптарында өнімді жеміс бере отырып, өмірмен өзектесіп жатқан, уақыт сипатын, замандас тұлғасын танытқан көркем туындыларымен де ерекшеленеді.

«Жазушы творчествосында дәуір үні, заман шындығы, уақыт тынысы қаншалық толық, айқын көрінсе, соншалық оның азаматтық тұлғасы да, өмірге құштарлығы, заман алдында жауапкершілігі айқын танылады. Әр кезеңнің өзіндік қайталанбас сипаты сол тұстағы қоғам өмірінің, халық өмірінің өзекті құбылыстарымен тығыз байланыста көрінбек. Ақын, жазушы да өзі өмір сүрген дәуірінің перзенті, оның дауысы өз уақыты тынысымен үндес келуі белгілі заңдылық дейміз. Дәуір суретін тұтастай көрсете алу аса үздік таланттардың ғана үлесі» [2, 142].

Ақын заманының шындығын танушы таразы іспетті. Қоғамындағы жақсысы жанын өсірсе, жаманы оның көңіліндегі алауды су сепкендей өшіреді.

Абай атамыз «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» дегендей, Адам – зерттелмеген бір әлем, бір жұмбақ дүние. Оның жан сарайының иірімдеріне көз салмаған бірде-бір ақын, бірде-бір жазушы, бірде-бір ғұлама жоқ десе де болады. Сонда да ұлылардың бірде-біріне тонының ішкі бауын ағытпай теріс айналып жатып алған Адам әлемі ішкі сырын әлі де болса тыға түсетін секілді.

Ақын қаламында Адамның жан-дүниесіне жасаған зертханасы оның мораль-этика, адамгершілік, адамдардың өзара қарым-қатынасы адам мен қоғам арасындағы байланыс, саяси-әлеуметтік мәселелерімен ұштасып кеткен. Ақынның осы тектес өлеңдерінен сол дәуірдің адамдарының бейнесі, өмірі, өнегесі, рухани тіршілігін көрсету, оның жан әлеміне сапар шегу арқылы оның өміріндегі қайшылық-қалтарысы, бұралаң-шырғалаңы мол жолын таныту арқылы ақын сол заман бейнесін, қоғамдық-әлеуметтік сипатын ашып көрсетуі арқылы ақын лирикасының философиялық, психологиялық сыры ашылады.

«Ірі ақын әр кез өмір шындықтарын типтендіріп, халық атынан, қоғам атынан ой түйеді, пікір айтады. Қоғамның өршіл, ілгерішіл тенденциясына жат құбылыстардың барлығы сол қоғамның алдыңғы қатарлы өкілі – ақын идеалына да сай келмейді. Олай болса, ондай жат мінез, психологияны аямай сынап, әшкерелеп отыру шарт, сөйтіп оның азаюына, жоғалуына күш жұмсау керек.

Біздің арамызда атаққұмар алаяқтар, шатаққұмар өтірікші аз дейміз, аз да болса көптік етпейді, жаман адам біреу болса да аздық қылмайды. «Бір қарын майды бір құмалақ шірітетінін» халық ерте айтқан. Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі әлемге тиіп кететін кездері де болады. Олай болса, сау денеге түскен азғантай сызатты менсінбесек, ол асқынып, қауіпті жараға айналуы мүмкін», – дейді Мырзабек Дүйсенов.

Қоғам өміріне осылай мысқылдай еніп, адамдар бойын жайлаған қатерлі дерт: арамыздан ар-ұяттың алыстай бастауы, адамдардағы алалық, жалған ұранға жалпылдай ұшқан жалтақтық әлемі ақынның реалистік стилі арқылы жүзеге асады.

Ақын болмашы нәрсеге күйінеді, тарылады. Оның көңілі нәзік, кейде сол көңіл сол көңіл күйін бөлісер адам таппай, бар құпиясын өлеңіне төгеді. Ақкөңіл, адал, сезімтал, сенгіш жанның налығыш, шағынған тұстары да қызық. Тұманбайда да мұндай жолдар аз емес.

Сенетін едім ініге, үлкен ағаға,
Сенетін едім биік тауларға, далаға.
Сүйетін едім өзендерімді елжіреп,
Сондай бір жанды ренжітуге бола ма?
Көктемде шие, гүлдерін ашса долана,
Ұқсап мен кетем кәдімгі титтей балаға.
Қайта – қайта барамын туған далама,
Сөйткен бір жанға ғайбат айтуға бола ма?
Теңізге түссем, көп сендім құмды жағаға,
Толқынға сендім ұқсаған асыл анама.
Жарыма сендім жалт берер мінез таба алмай,
Сенген бір жанды алдап кетуге бола ма? [1].

Ақын жанының сенгіштігін, дүниенің бәріне жылы көзбен қарайтын сезімталдығын Тұманбай әдемі айтады. Оған үлкен аға, кіші іні – бәрі – бауыр; биік тауы, кең даласы, шалқыған өзені, теңзі, құмы – бәрі оның қимас Отаны. Бәріне елжіреп тұрған осындай елгезек адам сырт біреулер өзі туралы ғайбат айтса, алдау, көрсе қаншама ортайып қалады, жаны жараланады, назаланады. «Сүйем ғой сені елжіреп, өмір – ау! Мені, мені өкпелетуге бола ма?» - деп шағынады. Бұл да ақын мінезі, ақын жанының құпиясы, ашып айтқан, ағынан жарылған сыры. Өкпе – назын ішіне жинап, тымырсық жүретін мінез ақында жоқ. Сезгенін сыртқы шығармай, шерленіп ол жүре алмайды. Өлең шумақтары арқылы қоғам өміріндегі ащы шындықтың шымылдығын айқара ашады. Ақын жүрегі әлгілердің психологиясында ұялаған жігерсіздік, жалтақтық, намыссыздық, пасықтықтың бірде болмаса, бірде жарға апарып соғарына дабыл қағады. Бұл тұрғыда ақын адамды іс-әрекетіне қарай, мінезін жыға таныған психолог ретінде танылып, адам жанын емдемекке шырылдай ұмтылады.

Ақын рухын көтерер, оның марқайтып, жарына азық – берер – өмір десек, Тұманбай жырлары сол өмірдің алуан түрлі сырын, ондағы өзгерістерді шынымен белгілейді. Ол өзгерістің негізгі куәгері болып, ақын өлеңдерінің лирикалық қаһарманның тағдыры тұрады. Мұндайда ақын сол қаһарманның ішкі толғанысына үңіледі. Оның өлеңдерінде өмір сабағының ғибараты мол болатыны да сондықтан, Кейде ол жаңа жыл кешіде отырып, өзінің есейгенін еске алып толғанады, кейде ұлымен сырласып, ұрпақтар сырын шертеді.

Тұманбай Молдағалиевтің лирикасы - сан-салалы, көп тақырыпты, орасан зор, ауқымды дүние. Ақынның шығармашылық бетін, қалам қарымын танытатын нәрсенің бірі – азаматтық әуен. Бұл топқа кіретін лирикаларда ақынның немесе оның лирикалық кейіпкерінің өмірге көзқарасы, шынайы махаббаты ерекше танылады. Азаматтық әуенге толы лирикалық өлеңдерінде ақын адамдардың, туған жердің, Отанның бейнесін асқақтата жырлайды, оларды ақынның лирикалық кейіпкері өз жүрегінің шуақты махаббатына шомылдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Молдағалиев Т. Мәңгі жас көңіл. – Алматы, 2007.-240 б.
2. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы, 1981.-120 б.

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТЕЗАУРУСЫ

Ақмарал Смагулова,

филология ғылымдарының кандидаты

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландырылатын «АР 14869894 Абай қарасөздерінің тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Абай шығармалары – ізі өшпес асыл мұра, әдебиеттің негізгі константы. Осындай асылдан үлгі алып, шығармаларынан рухани сусындау жеке тұлға үшін ғана емес, ұлт келешегі үшін де азық болмақ. Бірақ қазіргі оқырман үшін Абай тілін түсіну, ұғыну қиынға соғуда. Бұл – хакім шығармалары мен ондағы ойдың қаншалықты салмақты екенінің көрсеткіші. Бірақ бұл Абай тілі ауыр, түсініксіз дегенге сыймайды. Ахмет Байтұрсынұлының Абайды түсіну үшін оқырман көзқарасы мен дүниетанымының кеңдігі қажеттігін де баса айтуы содан шығар. Бұл үшін, әуелі, Абай шығармаларының негізгі өзегін жете түсіну керек. Осыны негізге ала отырып, Абай қарасөздерінің тезаурустық мәнін ашпақпыз.

Тезаурус – лексикалық жүйенің ең жақын интерпретациясы. Сондықтан объекті болып отырған сөздің түсінігін тереңдей ашу үшін синонимдік,